Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлының 6D030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысына ғылыми кеңесші, заң ғылымдарының кандидаты, профессор У.А. Ахатовтың

ПІКІРІ

Докторант, Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлының «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің біріне арналған ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларын қолданыстағы құқықтың қайнар көзі ретінде танудың теориялық және Жоғарғы Сот қаулыларын қабылдау мен іске асырудың практикалық мәселелерін кешенді түрде зерттеуге арналған. Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде танудың теориялық негіздері, Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының ұғымы, мазмұны, түрлері және заңдық күші, құқықтың қайнар көздері жүйесінде Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының алатын орны мен рөлі, нормативтік қаулыларда қамтылған құқықтық ережелер мен құқықтық позициялар, нақты істерді шешуге арналған ережелер, нормативтік қаулыларды әзірлеу және қабылдау процесіндегі мәселелер, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының заңдық күші және оларды қолданудың мәселелері, құқық қорғау органдарының қызметінде нормативтік қаулыларды қолдану, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының іс жүзінде қолданылуы барысындағы кездесетін мәселелер мен оларды шешу жолдары, қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мен дамыту барысында Жоғарғы Сот қаулыларының маңыздылығы мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ, аталған мәселелерге қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына салыстырмалы талдаулар жасай келе, олардың қол жеткізген маңызды

ғылыми көзқарастары, ұстанымдары теориялық және тәжірибелік тұрғысынан қарастырылып, зерделенген.

Зерттеу жұмысының мазмұны, орындалу сапасы және қол жеткізілген нәтижелеріне қарап, оның ереже талаптарына сай жүргізілгендігі жөнінде айтуға толық негіз бар.

Докторант диссертацияның алға қойылған мақсаты мен міндеттерін қисынды түрде бір-бірімен сабақтастыра отырып, жұмыстың мазмұнын толық ашып көрсете білген. Қолданылған дереккөздері мен іргелі ғылыми еңбектерге сүйене отырып, жаңа көзқараспен өз ойларын дәйектеуі зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын арттыра түседі. Сондай-ақ, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын іске асыруды тиімді жетілдіруге байланысты шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, салыстырмалы тәсілмен жасаған қорытындылары көңілге қонымды.

Зерттеу жұмысының мынадай жаңалықтарын атап көрсетуге болады:

- қол жеткізілген нәтижелердің ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы еліміздің тұрақты дамуға көшу жағдайында сот билігі саласындағы құқық шығармашылық және құқық қолданушылық қатынастар теориясын одан әрі дамытуда болып табылады;

- сондай-ақ, аталған диссертациялық жұмыс еліміздің тұрақты дамуға көшу, модернизация, цифрландыруға көшу жағдайында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қолданыстағы құқықтың маңызды қайнар көзі ретінде қарастыра отырып, кешенді түрде зерттеуге арналған, мемлекеттік тілде дайындалған *жұмыстардың бірі деп* айтуға болады;

- сот билігі саласындағы құқық шығармашылық және соттың құқық қолдану қызметі жүйесінде орын алуға тиісті өзгерістерді көрсететін, кешенді құқықтық зерттеу болып табылады;

- зерттеу жұмысында ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының маңыздылығы, оны қабылдау мен жүзеге асыруда кездесетін мәселелер егжей-тегжейлі қарастырылған.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы – тұжырымдалған теориялық ережелер мен ұсыныстар қазіргі конституциялық құқық ғылымы мен құқық қорғау органдары қызметінің теориялық негіздерін тереңдетіп, дамытып, әрі қарай ғылыми зерттеулерге негіз бола алатындығында.

Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы – диссертацияда қамтылған Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының заңнамада нормативтік құқықтық актілер иерархиясында алатын орнын анықтап, нақтылауға

бағытталған, заңнаманы жетілдіру жөніндегі тұжырымдары мен ұсыныстарынан, нормативтік қаулыларды қабылдауға қойылатын бірқатар талаптарды бекіту жөніндегі ұсынымдарынан көрінеді.

Диссертация қойылатын талаптарға толық сай келеді. Ғылыми жаңалығы мен қорытындылары дәлелді, қорғауға ұсынатын тұжырымдары да негізді, әрі дәйекті. Ізденушінің пікірлері мен ұсыныстарының қолданбалық маңызы жоғары.

Жұмыстың осындай өзіндік ерекшеліктері мен жетістіктерін ескере отырып, Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлының «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы» тақырыбында 6D030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық зерттеу жұмысын ресми қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,
әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті Заң факультетінің
деканы, з.ғ.к., профессор **У.А. Ахатов**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«06» 06 2025 ж./г.

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
НКОК-PROJECT JOINT-STOCK COMPANY «AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY»
БИН 990140001154